

ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДІҢ САЯСИ САНАНЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ РӨЛІ

Жәрімбет С.Х., Хырыхбай Ж.Р.

Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университетінің Саясаттану оқу бағдарламасының студенттері, Қазақстан
e-mail: saazanzarimbetova@gmail.com

Ғылыми жетекші: т.ғ.к, қауымдастырылған профессор Жумасултанова Г.А.

XXI ғасырда цифрлық технологиялар қоғамның барлық саласына терең еніп, жаңа ақпараттық кеңістік қалыптастырды. Жастар бүгінгі таңда әлемдегі саяси, әлеуметтік және экономикалық үдерістерді көбінесе интернет арқылы бақылайды. Әсіресе әлеуметтік желілер олардың дүниетанымына, ойлау жүйесіне және саяси көзқарасына үлкен әсер етеді. «Әлеуметтік желілер жастардың ақпаратқа қол жеткізуін жеңілдетіп қана қоймай, оларды саяси талқылауларға, пікір білдіруге, тіпті азаматтық белсенділікке шақырады» деп бұрыннан бастап айтылып келе жатыр қазіргі ғалыми зертеулерде [1]. Сонымен бірге, цифрлық саясаттың жастар санасына ықпалын зерттеу қазіргі таңда аса өзекті мәселелердің бірі болып отыр, өйткені ақпараттық кеңістіктегі өзгерістер жастардың саяси мәдениетінің қалыптасу сипатын өзгертуде деген пікір де бар [2, б.7].

Жастар саясаты - мемлекеттің жастарға қатысты әлеуметтік, саяси, мәдени және экономикалық салаларын реттейтін кешенді бағыт. Жастардың саяси санасы олардың қоғамдағы саяси құбылыстарды қабылдау қабілеті мен саяси үдерістерге қатысу деңгейін білдіреді. Бұл сананың қалыптасуына отбасылық тәрбие, білім беру жүйесі, қоршаған орта және бұқаралық ақпарат құралдары әсер етеді. Алайда соңғы жылдары ақпараттық технологиялардың дамуына байланысты әлеуметтік желілер саяси сана мен жалпы саяси ландшафтың қалыптастырудың басты арнасына айналды деген пікірмен толық келісеміз [3, б.170].

Цифрлық саясат - ақпараттық технологияларды мемлекеттік басқаруда, қоғамдық коммуникацияда және саяси процестерде қолдану жүйесі. Оның шеңберінде, әлеуметтік желілер жастар өмірінде ақпарат көзі ретінде ғана емес, сонымен бірге саяси белсенділік алаңы ретінде де қызмет атқарады. Олар әлемдегі жаңалықтармен танысып, түрлі пікірталастарға қатысып, өз көзқарастарын ашық білдіре алады. Бұрын жастар саясатқа көбінесе бейжай қараса, қазір әлеуметтік желілердің ықпалымен олардың қызығушылығы артты, себебі бұл орта олардың пікірін ашық айтуға мүмкіндік береді [1, 15-бет]. Сонымен қатар, әлеуметтік желілерде әртүрлі көзқарастағы адамдардың пікірлерін көру арқылы жастар саяси білімін кеңейтеді. Саяси үгіт-насихаттың жаңа формалары - бейнероликтер, инфографикалар, қысқа форматтағы контент жастарға тез әсер етеді. Бұл ерекшелік цифрлық саясаттың жастардың саяси мінез-құлқын қалыптастырудағы рөлін айқындайды деп айтады ғалымдар [4, б.28].

Әлеуметтік желілердің бірқатар артықшылықтары бар:

Ақпараттың қолжетімділігі мен кең таралуы жастарға әлемдік саяси үдерістерді жылдам бақылауға мүмкіндік береді [1, б.19].

Пікір алмасу алаңы ретінде жастардың саяси сауаттылығын арттырады, олар түрлі көзқарастарды салыстырып, талдай алады [2, б.48].

Азаматтық белсенділікті арттырады. Онлайн-петициялар, флешмобтар және қоғамдық бастамалар жастарды қоғамдық процестерге қатысуға ынталандырады [4, б.68].

Жастардың әлеуметтік әділеттілік, құқық, теңдік және қоғамдық өзгерістер сияқты құндылықтарға деген қызығушылығын арттырады.

Алайда әлеуметтік желілердің жағымсыз әсерлері де жоқ емес:

Дезинформация мен фейк жаңалықтардың көп таралуы жастардың саяси түсінігін бұрмалауы мүмкін [3, б.171].

Эхо-камера әсері: адам тек өз көзқарасын қолдайтын ақпараттарды ғана көреді, нәтижесінде саяси поляризация күшейеді [5].

Манипуляциялық контент пен жасырын саяси жарнама жастардың ойына тікелей ықпал етеді.

Саяси агрессия мен кибербуллинг жастардың психологиялық жай-күйіне әсер етуі мүмкін.

Ал Қазақстандағы жастар және цифрлық саясат ықпалына келетін болсақ келесі мәселелерге назар аудару қажет. Қазақстандық жастардың басым бөлігі ақпаратты дәстүрлі бұқаралық ақпарат құралдарынан емес, әлеуметтік желілерден алады. Instagram, TikTok, Telegram жастар арасындағы

негізгі ақпарат платформаларына айналды. Төмендегі 1-ші кестеде соңғы жылдардағы ай сайынғы белсенді қолданушылардың (MAU) жаһандық өсімі көрсетілген:

Кесте 1

2021 – 2024 жылдардағы ай сайынғы белсенді қолданушылардың (MAU) жаһандық өсімі

Платформа	2021 жыл	2024 жыл	2026 жыл(болжам/ағымдағы)
Instagram	1 210 млн	~2 000 млн	3 000 млн
TikTok	1 000 млн	~1 582 млн	1 900 млн
Telegram	500 млн	950 млн	000 млн (1 млрд)

Сарапшылардың айтуынша, Қазақстанда цифрлық саяси коммуникация әлі де даму кезеңінде, алайда жастардың әлеуметтік желідегі белсенділігі оның тез дамуына жол ашуда [4, б.73]. Жастардың саяси белсенділігі көбінесе онлайн форматта қалыптасып, офлайн әрекеттерге сирек айналады. Бұл құбылысты сарапшылар «цифрлық белсенділік» деп атайды. Сонымен қатар, Қазақстанда медиа сауаттылықты арттыру мәселесі өте өзекті, себебі әлеуметтік желілерде көп таралатын фейк ақпарат жастардың саяси көзқарасын қате бағытқа бұруы мүмкін [5, б.13].

Төменде осы мәселелерді қарастыруда SWOT-талдау көрсетілген

Кесте 2

Қазақстанның цифрлық саяси кеңістігі

Категория	Күшті жақтары (Strengths)	Әлсіз жақтары (Weaknesses)
Ішкі факторлар	<ol style="list-style-type: none"> Интернеттің қолжетімділігі: Халықтың 92%-дан астамы желіге қосылған. Визуалды тренд: TikTok пен Instagram-ның саяси ақпарат көзі ретіндегі басымдылығы. eGov жүйесі: Мемлекет пен халық арасындағы цифрлық байланыс тетіктерінің (сервистік мемлекет) дамуы. 	<ol style="list-style-type: none"> Слактивизм: Жастардың белсенділігі тек лайк пен репост деңгейінде қалып, нақты саяси іс-қимылға ұласпауы. Төмен медиасауаттылық: Эмоционалды және тексерілмеген ақпаратқа тез сену. Ресми тілдің ауырлығы: Мемлекеттік органдардың әлеуметтік желідегі контентінің жастарға түсініксіз, "құрғақ" болуы.
	Мүмкіндіктер (Opportunities)	Қауіптер (Threats)
Сыртқы факторлар	<ol style="list-style-type: none"> Тікелей диалог:Стримдер мен тікелей эфирлер арқылы билік пен бұқара арасындағы кедергіні жою. Жаңа көшбасшылар:Қоғамдық пікірге әсер ететін тәуелсіз блогерлер мен белсенділердің пайда болуы. Онлайн-петициялар:Заңды түрде халық үнін естіртудің жаңа цифрлық құралдарының енуі. 	<ol style="list-style-type: none"> Дезинформация:Telegram каналдарында фейк ақпараттың найзағайдай жылдам тарап, қоғамда үрей тудыруы. Эхо-камералар:Алгоритмдердің әсерінен адамдардың тек өз көзқарасын растайтын ақпаратты ғана көруі (радикализация қаупі). Бот-фермалар:Қоғамдық пікірді жасанды түрде манипуляциялау және кибершабуылдар.

Қорытындылай келе, әлеуметтік желілер жастардың саяси санасына күшті әсер етеді. Олар ақпараттық қолжетімділік пен азаматтық белсенділікті арттырса да, дезинформация, манипуляция және ақпараттық поляризация сияқты қауіптерді де тудырады. Сондықтан, жастар арасында медиа мәдениет пен ақпараттық сауаттылықты дамыту қоғам үшін стратегиялық маңызды мәселе болып табылады. Цифрлық саясаттың дамуы жастардың жаңа ақпараттық ортада дұрыс бағыт алуы үшін қажет. Жастардың саяси белсенділігі мен санасының қалыптасуы тікелей ақпараттық кеңістікке байланысты болғандықтан, бұл бағыттағы зерттеулер алдағы уақытта да жалғаса береді.

Әдебиеттер тізімі

1. Сидоров А.И., Мухарлямова А.Ю. Социальные сети и их влияние на молодежь [Электрондық ресурс] – Заманауи ғылыми технологиялар. – 2013. – № 7-2. - Қолжетімді: <file:///C:/Users/User/Desktop/%D0%9F%D0%BE%D1%81%D1%82%D0%B5%D1%80%D0%BD%D0%B0%D1%8F%202026/3431.pdf>

2. Kenesov A. Digital citizenship in the 21st century: Analyzing the impact of social media on youth political activism and civic engagement [Электрондық ресурс] – Eurasian Science Review, 2024. – p.5–18. Қолжетімді: <https://eurasia-science.org/index.php/pub/article/view/53>

3. Vikas Jain. The Role Of Social Media In Shaping Youth's Political Awareness. – [Электрондық ресурс] – JNRID. - January 2025, Volume 3, Issue 1. – p. 170-173. - Қолжетімді: <https://tjjer.org/jnrtd/papers/JNRID2501015.pdf>

4. Айтымбетов Н.Ы. Цифрландыру жағдайында Қазақстандық жастардың саяси мәдениетінің өзгеруі / Цифрландыру және қазақстандық жастардың саяси мәдениеті: өзгерістер мен жаңа трендтер. Ұжымдық монография. – Алматы: ҚР ҒЖБМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты, 2023 – 322 б.

5. Арыстанова Ұ.О. Әлеуметтік желілердің жастар санасына әсері: TikTok, Instagram және медиа мәдениет. [Электрондық ресурс] – bilimger.kz. –25.11.2025. Қолжетімді: <https://bilimger.kz/184597/>

ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДІҢ САЯСИ КҮШІ: ФЕЙК ЖАҢАЛЫҚТАР АРҚЫЛЫ ҚОҒАМДЫҚ ПІКІРДІ БАСҚАРУ

Жұбаныш Р.Б

Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университетінің Саясаттану оқу бағдарламасының студенті, Қазақстан
e-mail: rakhimajubanish@mail.ru
Ғылыми жетекші: т.ғ.к, қауымдастырылған
профессор Жумасұлтанова Г.А.

Қазіргі дәуірде ақпарат тарату жылдамдығы мен көлемі жағынан бұрын-соңды болмаған деңгейге жетті. Әлеуметтік желілер (ӘЖ) жеке қарым-қатынас құралы болудан қалып, жаһандық саяси коммуникацияның басты аренасына айналды. Әлеуметтік желілер азаматтық белсенділікті және демократиялық қатысуды арттырады, адамдарға ашық түрде ақпаратпен алмасуға мүмкіндік береді. Алайда, осы цифрлық кеңістіктің осы артықшылықтарына қарамастан оның екінші, қауіпті қырлары бар. Соның ішінде, ӘЖ жүйелі саяси манипуляцияның, фейк жаңалықтардың (жалған ақпараттардың) және қоғамдық пікірді басқарудың тиімді құралына айналды. Бұл үрдіс әсіресе дәстүрлі медиаға сенімсіздік жоғары және ақпараттық сауаттылық деңгейі әлі де қалыптасу үстіндегі посткеңестік елдер үшін өте өзекті. Себебі бұл жағдай тек саяси науқандар кезінде ғана емес, қоғамның тұтас сенім жүйесіне нұқсан келтіруде.

Әлеуметтік желілердің саяси ықпалы қазіргі таңда үлкен жылдамдықпен өсуде, оны көрсету үшін келесі мәселелерге назар аударуға болады. Біріншіден қазіргі ғылыми салада әлеуметтік желілердің саяси күшінің артуы үш негізгі фактормен байланысты деп белгіленеді:

1. *Жедел мобилизация мүмкіндігі.* Әлеуметтік желілер – азаматтық белсенділік пен наразылықты ұйымдастырудың ең жылдам құралы. Бұқаралық ақпарат құралдары (БАҚ) ресми рұқсаттарды күтпестен, кез келген мәселені, идеяны сағаттар ішінде жаппай таратуға жол ашады. Мысалы, "Твиттер төңкерістері" деген атпен танымал болған түрлі қоғамдық қозғалыстар ӘЖ-ді қолданудың күшін көрсетті. Тіпті сайлау науқандарында да ӘЖ-нің көмегімен саяси аутсайдерлер дәстүрлі медианы елемей, тікелей сайлаушыларға шығып, үлкен жетістіктерге жете алады.